

1-жаттығу. Көп нүктенің орнына емле ережесіне сай тиісті қосымшаларды жалғап, жаттығуды көшіріңдер.

1. Жапсарына өрнек жүргізілген көк бояулы оң қабырғадағы үлкен қара сағат күмбір-күмбір қоңырауын соғып, вести бюль... жаңғыртып әкетті (С.Ш.). 2. Етекпен жоғары қарай жамырай тартқан қалың қарағайлар да мына альпинис... ұқсап бетті биікке сілтеген (С.Ш.). 3. Он қадамдай алда асфальт... шағылы қан күн сәулесі қашқан қоянның құйрығы тәрізді, айнымас бір қашықтықта шапшаң ілгері сырғанап, толқи зырлайды (С.Ш.). 4. Кемпір шалына кінә... қарап отырды да, астыңғы ернін тістеп алып, қолындағы көктеп отырған дүниесімен әуре бола берді (Ш.А.). 5. Алла тағалам сендерге бір бала беріп, соның іңгә... жылаған даусын естісем, арманым жоқ (Ш.А.). 6. Құтжан өлген соң, осы көктемде жұрт Жексенді кінә... бастады (М.Ә.). 7. Қарқаралы деген округ... әміршісі – Құнанбаймен осы Майыр (М.Ә.). 8. Жер бетінің 70%-... астамын су басып жатыр. Кей жерде мұхиттың тереңдігі 10 км-... асады («Сұрақ және жауап энциклопедиясынан»)